

«Ерекше білім беруді қажет ететін балалар және оларға қолдау көрсету»

Дефектолог: А.Е.Есказиева

Мақсаты:

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар және оларға қолдау көрсете отырып, олармен жұмыс жасау жолдары.

Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді енгізудің халықаралық тәжірибесі ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Қазақстан Республикасының заңнамасында адам құқықтары саласындағы негіз қалаушы халықаралық құжаттарға сәйкес елдің барлық балалары үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді. Балалардың білім алу құқығының кепілдіктері Қазақстан Республикасының Конституциясында және "Бала құқықтары туралы", "Білім туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Заңдарында бекітілген.

“Инклюзив” сөзі латын тілінен аударғанда — «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру.

Инклюзивті білім беру — ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Инклюзивті оқыту — барлық балаларға мектепке дейінгі оқу ұйымдарында, ұйым өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту — балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту — адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқытудың негізгі қағидалары:

- 1. Барлық адамдар құқығының теңдігі;*
- 2. Адамдарды шектеудің болмауы;*
- 3. Барлық балаларды мектепке дейінгі мекемеге және мектепке қабылдау;*
- 4. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру, мінез-құлықтың коммуникативті моделін игерту,*
- 5. Оқыту үдерісіне ата-аналарды қатыстыру;*
- 6. Арнаулы білім беру жағдайын жасау;*
- 7. Пәнаралық бағытты қалыптастыру (балабақшадағы барлық педагогтер, ата-ана, психолог, дефектолог, т.б. мамандардың өзара әрекеттестігі;*
- 8. Өзгелермен қарым-қатынасқа және өзіне деген сенімділікке үйрету.*

Психологиялық-педагогикалық қолдау -
ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау
негізінде ЕББҚ бар балаларды табысты оқыту
және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық
және педагогикалық жағдайлар жасалатын
білім беру ұйымдарында іске асырылатын
ұйымдастырылған қызмет.

Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің негізгі мақсаты - ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды анықтау және оларды оқыту мен әлеуметтендірудің табыстылығын қамтамасыз ету үшін ересектердің келісілген іс-әрекеттерін айқындау болып табылады.

Білім беру үдерісіне қатысушылардың қызметтік міндеттері:

Директор немесе меңгеруші психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін (ППҚК) құру туралы бұйрық шығарады, мамандардың тиісті міндеттерін бекітеді, мамандардың өзара әрекеттесу принциптерін қалыптастырады, басқарудың әрбір деңгейінде ақпаратты жинау және өңдеу тәртібін айқындайды, кедергісіз орта құрады, педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуіне жағдай жасайды.

Тәрбиеші- тәрбиелеу мен білім беру процесі кезінде қиындықтары бар балаларды анықтайды, қиындықтардың сипатын бағалайды, оқу материалын меңгерудегі проблемаларды анықтайды, оқу бағдарламаларын қысқартуды (бейімдеуді) орындайды, жеке түзету бағдарламаларын құрастыруға қатысады. Тәрбиеші психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен бірігіп жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі

(мұғалім-дефектолог, педагог-ассистент, педагог-психолог):

- тәрбиелеу мен білім беру процесі кезінде қиындықтары бар балаларды анықтайды, қиындықтардың сипатын және олардың пайда болу себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізеді, мінездеме жазылып балаларды ПДПҚ орталығына жолдайды;
- ПДПҚ орталығының тексеруі бойынша балалардың қорытындысы және ондағы диагнозына байланысты өзіндік тексеру нәтижелерін тиісті формаларда құжаттайды;
- балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды;
- қажеттілікке байланысты балалармен жеке және топтық түзету іс-әрекетін жүргізеді;
- педагогтерге, ата-аналарға кеңес береді.

Жеке, топтық түзету іс-әрекетін, ҰІӘ өткізу үшін мамандар, тәрбиешілер кабинеттер мен топтарды құрал-жабдықтармен және оқу-дидактикалық материалдармен жабдықтау қажет.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру, оның ішінде білім беру қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың мамыр айының аяғына дейін жүзеге асырылады.

Жеке оқу бағдарламасы - бұл белгілі бір уақыт аралығында баланы оқытудың негізгі мәселелеріне жинақталған, нақтыланған және құрастырылған арнайы үлгіде жазылған жоспар. Нақтырақ айтқанда жалпы білім беретін ұйымдағы жеке білім алу маршрутын жүзеге асырады.

Бейімделген оқу бағдарламасы:

- бала дамуындағы жетіспеушілікті толтырады;
- баланың ортада дамуы мен бейімделуіндегі қажеттіліктерді жүзеге асырады;
- білім беру қызметін көрсетудегі мемлекеттік тапсырыстарды орындайды;
- білім берудің мазмұнын талдайды, іріктейді;
- уақытша шеңбердің құрылымын өзгертеді;
- ҰІӘ формаларын таңдайды;
- белгілі технологиялық тәсілдерді қолданады;
- дидактикалық материалдарды іріктейді, саралайды.

1.ҚОРЫТЫНДЫ /ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы. Жалпы сөйлеу тіл дамымауының I деңгейі.

2.Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттілігі бойынша ұсынымдар/

Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

- Жалпы мектепке дейінгі мекемеде мектепке дейінгі жеке оқу бағдарламасы бойынша тәрбиелеу және оқыту
- Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: психологпен, логопедпен, дефектологпен.
- Кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу.
- Қайта қаралу мамыр 2024 ж.

№2ҚПМПК басшысы:



Кубаева А.Д.

Мектепке дейінгі бейімделген оқу бағдарламасы бойынша тәрбиелеу мен оқытуды талап етеді

Жеке оқу бағдарламасын құруды талап етеді

Қаралған күні

09.08.2023 ж

1.ҚОРЫТЫНДЫ /ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылуы. Жалпы сөйлеу тіл дамымауының I деңгейі.

2.Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар/

Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

- Жалпы мектепке дейінгі мекемеде мектепке дейінгі бейімделген оқу бағдарламасы бойынша тәрбиелеу және оқыту.
- Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектологпен, логопедпен, психологпен, педагог ассистентпен.
- Кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу.
- Қайта қаралу мамыр 2024 ж.

№2ҚПМПК басшысы:



Кубаева А.Д.

Жеке оқу бағдарламасын құру аясында мыналарды басшылыққа алу керек:

- педагогикалық диагностика;
- қай пәнге немесе қандай дағды бойынша көмек берудің қажеттілігі;
- баланың меңгеруі үшін міндетті әмбебап оқу әрекеттерін, маңызды дидактикалық біліктерді айқындау мақсатында білім беру бағдарламасын талдау;
- тақырыптық жоспарлау, әр тақырыпта дидактикалық ойындарды, әмбебап оқу әрекеттерін, жалпы білім беру бағдарламасындағы міндеттермен салыстыру;
- белгілі бір тақырып бойынша мақсат пен міндеттерге сүйену.

Жеке-дамыту (жеке оқыту) бағдарламасын құрастыру мақсатында баланың психофизикалық жағдайын (командалық бағалау) кешенді тексеру жүргізіледі. Кешенді тексерудің негізгі міндеттері ерекше білім беруге қажеттілігі бар баламен түзеу жұмыстарының басым бағыттарын анықтау болып табылады.

Баламен жүргізілген диагностиканың қорытындысы түзете-дамыту жұмысы бойынша мынадай бағыттарды айқындап берді:

- сенсорлық және сенсомоторлық дамуын қалыптастыру;
- кеңістік-уақыт түсініктерін қалыптастыру;
- пішін мен көлем, түсті қабылдауын қалыптастыру;
- салыстыру, талдау, жинақтау, қорытындылау, жалпы ойлау операцияларын қалыптастыру;
- зейіннің тұрақтылығын, зейін шоғырлануын дамыту;
- көру, есту арқылы есте сақтауын дамыту;
- психомоторлық дамуды жүзеге асыру мен сөйлеу тілін, сөздік қорын арттыру.

Айқындалған бағыттар негізінде балаға түзете-дамыту бағдарламасы құрылады. Түзете-дамыту бағдарламасы баланың танымдық қабілеттерін дамытуға, баланың дамуындағы бос орынды толтыруға бағытталады. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін баланың жеке жас ерекшеліктері, қабылдау деңгейі ескеріліп, әр тақырыпқа тапсырмалар тізбегі даярланады.

Оқу бағдарламасын бейімдеу

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы	Бейімделген бағдарлама
Тыңдау және сөйлеу барысында сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің, сөйлемнің мағынасын түсіну	2-3 сөз тіркесінен сөйлем, сөз, дыбысты ажырату;
Тыңдалым және айтылым	
Түрлі тілдік жағдаяттарда этикет сөздерді қолдана білу (сәлемдесу, ризашылық білдіру, кешіру, сұрау, рұқсат сұрау, қоштасу)	Қарым-қатынас жағдайларында сөйлеу этикетін қолдану: мектепте, сыныпта, логопед кабинетінде, қажет болған басқа жерлерде сәлем беру және қоштасу
Тыңдалған материалдардың мазмұны туралы өз пікірін білдіру	ересектер оқыған шағын мәтіннің бас кейіпкерін атау
Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрып айту (мұғалімнің көмегімен)	Суреттер бойынша сөйлемдер құрау: Сара ыдысты жуады. Анам балықты қуырады. Сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыру (мысалы, "«Отбасы»: Анам терезені жуады. Әже сорпа дайындайды. Әкем сөрені жөндейді.
Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша айтып беру	Екінші жартыжылдыққа қалдырылды
Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл) қолдану	Екінші жартыжылдыққа қалдырылды

ҚОРЫТЫНДЫ

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау — біздің міндетіміз. Инклюзивті оқыту – ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл? Ерекше білім беруге қажеттілігі бар жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу – белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы. Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан істер инклюзивті білім беру жүйесінің қалануына негіз болары анық. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек.